

Аяпбергенова Гульсум Сагындыковнаның 6D010200 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің көкейкестілігі. Бүгінгі таңда мемлекеттің білім беру саласындағы қазіргі саясатының негізін құрайтын «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының талаптарына сәйкес педагог кадрларды даярлау мәселесін түбегейлі қайта қарау қажеттілігі артып келеді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу мен оқыту» білім беру деңгейлері арасындағы мазмұнның сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында бүкіл білім беру траекториясы бойында жинақталатын құзыреттердің мазмұндылығын айқындауға ерекше мән беріледі.

Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында өзінің қабілетін жүзеге асыруы мен өзін-өзі дамытуына ықпал ететін арнайы құзыреттерді қалыптастыруды міндеттейді.

Бүгінгі таңда «бүкіл өмірге арналған оқу» парадигмасының орнына «өмір бойы оқу» (үздіксіз білім беру) құзыреттілікті парадигмасын ауыстырып қою қажет болып отыр. Қазіргі қоғамда адамның жеке және кәсіби қасиеттеріне, оның шығармашылық қабілеттеріне, стандарты емес жағдайлар мен өмірлік мәселелерді шешу процесінде білім мен дағдыларды қолдана білуге, өзінің біліктілігін арттыруға және білімнің мүлдем жаңа қырларын игеруге құзыреттілігін қалыптастыруға бұрынғыдан көп мән берілуде.

ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша әлемдік білім беру саласындағы маңызды бағдарламалардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде «Барлығына арналған ақпарат» бағдарламасы жарыққа шықты. Бұл бағдарламада білім беруді ақпараттандыру жүйесінде ақпараттық технологияларды, әсіресе телекоммуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтар мен кешендерді пайдалана отырып оқыту ерекше орын алады. Осыған сүйене отырып, болашақ мұғалімдердің арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды, оның ішінде жобалар әдісін қолдану арқылы оқыту процесінде туындайтын мәселелерді шешу үшін кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыру өзекті болып табылады.

Шетелдік ғалымдар (Р.Арнольд, У. Клемент, Дж. Равен, К. Роджерс, И. В. Роберт, V. A. Adolf, Th.N. Hopfenbeck, Oliver McGarr, I. Drach, O. Slobodianiuk, P.A. Ianni, Leonard, Basuki Wibawa) прагматизм идеяларынан

басталған «құзыреттер», «құзыреттілік» ұғымдарының педагогикалық және психологиялық аспектілерін ұсынады.

А.Ф. Присяжная берген анықтамасы бойынша: «Арнайы құзыреттер кәсіби қызметтің белгілі бір пәндік немесе пәннен тыс саласының ерекшелігін көрсетеді және оларды кәсіби әрекеттің белгілі бір саласында негізгі және нақты құзыреттерді жүзеге асыру ретінде қарастыруға болады».

Бүгінгі таңда жастарға білім беру, олардың болашақта бағдарлану қабілеті мәселесі өзектеніп тұр. Осыған байланысты Елбасының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласы ерекше маңызға ие, онда тұтас қоғамның да, әрбір қазақстандықтың да санасын жаңғыртудың алты бағытының тұжырымдамалық мағынасы ашылған: бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы. Елбасы білім берудегі прагматизмді түсіндіре келіп, «Прагматизм дегеніміз - өзінің ұлттық және жеке ресурстарын нақты білу, оларды үнемді жұмсау, өзінің болашағын жоспарлай білу», - деп жариялайды.

Білім берудегі прагматизм түбегейлі жаңа құбылыс емес. Оқытудағы жобалық іс-әрекетке деген қызығушылықтың белең алуы ХХ ғ. 90 жылдарына дәл келді. Бірқатар ғалымдардың диссертациялық зерттеулері педагогикалық теория мен практикадағы жобалар әдісін зерттеуге арналған. В. Н.Стренберг, И. А. Малахова, С. А. Халилов және т. б. ғалымдар атап өткендей, жобалар әдісінің негізін америкалық ғалым және педагог Дж. Дьюи, сондай-ақ оның ізбасарлары В.Килпатрик, Э. Коллингс және т.б. ғалымдар жасаған «жасау арқылы оқыту» атты прагматикалық педагогиканың тұжырымдамасы құрайды.

Қазіргі педагогикада жобалар әдісі жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларының бірі ретінде қарастырылады, ол проблемалық тәсілдеме, топтық әдістер, рефлексивті, презентативті, зерттеу, іздеу және басқа да әдістемелерді біріктіреді. Осылайша, ХХ-XXI ғғ. шегінде жобалар әдісі мұғалім мен оқушылардың өзара байланысты қызметін ұйымдастыру тәсілдерінің бірі («оқыту әдісі») ретінде ғана емес, педагогикалық әлеуеті бар, оқу жобасын іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде мұғалім мен оқушылар әрекетінің тәсілдері мен нысандарының негізделген жүйесін, жобалау әрекетінің нәтижелерін бағалаудың (тұжырымдалған) критерийлерін тұспалдайтын тұтас «педагогикалық технология» ретінде түсіндіріледі.

Жобалар әдісі білім беру жүйесінде белсенді түрде қолданылады, мектептегі барлық пәндер мұғалімдерінің үлкен қызығушылығын тудыруда.

Сонымен бірге дидактикалық және әдістемелік сипаттағы отандық және шетелдік ғалымдардың түпнұсқа монографиялық жұмыстарын, жоғары және орта мектепте жобалар әдісінің мәні мен қолданылуына қатысты жинақтар мен мерзімді басылымдардағы мақалаларды, жобалар әдісін зерттеуге арналған диссертацияларды, тиісті мазмұндағы Интернет – сайттар қазіргі заманғы мектеп жобалар әдісінің педагогикалық әлеуетін толық көлемде іске асырмайтынын көрсетеді. Жобалар әдісін жақтаушылар қатары көбейіп келе жатқанына қарамастан, Е.С.Полаттың пікіріне сүйенсек, бұл түсініктерді

ығыстыру және тіпті басқаша пайымдау орын алған. Соңғы жылдары кез келген іс-шараны дерлік жоба деп атай бастаған.

Қазіргі теория мен практикада мәселенің жай-күйін зерделеу жобалар әдісі кәсіби педагогикалық білім беру ұйымдарында әлі де қажетті деңгейде пайдаланылмайтындығын көрсетеді. Көпшілік жағдайда курстық және дипломдық жобалау процесінде ғана жүзеге асырылып жүр.

Жоғары оқу орны түлектерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оқытудың бүкіл кезеңі барысында, оқу жоспарындағы барлық пәндерді оқу кезінде ең қарапайым проблемалы міндеттерден бастап, кәсіптік білім беру және өндіріс мекемелерінің тапсырысы бойынша айтарлықтай күрделі нақты жобалармен аяқталатын жобалық іскерліктерін қалыптастыру қажет.

Осылайша, кәсіби бағытталған жобалар құралдарымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тиімді даярлау процесін дидактикалық және оқу-әдістемелік қамсыздандырудың әлсіз әзірленуі; оқытушылардың кәсіби бағытталған жобаларды жүргізуге дайын еместігі, жасқануы немесе қаламауы, сондай-ақ жобалау әдістемесі мүлдем қарастырылмаған болашақ мұғалімдерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу кезінде жобалау әдістемесін елемеу қазіргі заманғы жоғары мектеп жобалар әдісінің педагогикалық әлеуетін толық көлемде іске асырмайтыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау болашақ мұғалімді даярлауда жобалар әдісі негізінде арнайы құзыреттілігін қалыптастыру ерекшелігін зерттеудің теориялық алғышарттары болып табылатын бес жұмыс тобын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді.

Бірінші топты жоғары оқу орны жағдайындағы (Г.А. Забелина, А.В. Самохвалова, Е.А. Дегтярева, С. Р. Халилов, М. Г. Лапердина және т.б.); колледждегі (А. А. Кулешов, Л. А. Дорджиева және т.б.); жалпы білім беретін мектептегі (А.Е. Маркачев, Л.И. Палаева, М.М. Морозов, Е.О. Козина және т.б.) жобалар әдісінің сипаттамасын ұсынатын зерттеулер құрайды.

Екінші топ жалпы білім беретін мектептегі (Л.И. Палаева, Т.С. Цыбикова, И.Н. Малахова, Д.А. Слинкин); ұйымдардағы қосымша білім берудегі (О.Н. Рябова және т.б.) жобалар әдісін пайдалану бойынша зерттеулермен ұсынылған. Аталған топқа болашақ педагогты (С.Р. Халилов) және студенттерді (К. Л. Свечников және т.б.) және техникалық модельдеуді үйрену кезіндегі шет тілі мұғалімдердің (М.Г. Лапердина, Л.П. Овчинникова және т. б.) кәсіби даярлауда жобалар әдісін жүзеге асыруға арналған зерттеулер де кіреді.

Зерттеулердің *үшінші тобы* жеке тұлғаға бағдарланған оқыту контексінде (И. И. Джужук, А. Л. Блохин, Е. В. Хмельницкая және т.б.), сондай-ақ оқушылар мен студенттердің (Е. Ю. Баркова, Ю. О. Лобода, И. В. Корякина, О. И. Гридасова, Ю. В. Киримова, Э. В. Максимова, В. В. Малой, Н. Г. Никокошева, Ж. С. Фрицко, В. В. Черных, Ю. Г. Шихваргер және т. б.) жобалау іс-әрекетіндегі жобалау әдістерінің

түрлі аспектілерін қарастырады.

Жұмыстардың *төртінші тобы* кәсіби (Н.В. Мирза, Ж.Ж. Тұрсынова, Б.Ж. Еспаμβетова, Д.А. Ковалева, Н. М. Әблязимов, М. М. Мирзахметова, Б. Ж. Нұрбеков, Г.Е. Құрманқұлова және т.б.); басқарушылық (Д.К. Садирбекова), коммуникациялық (К.У. Касентаева, С.Т. Мұхамбетжанова, А.Д. Рысқұлбекова, Ш.О. Омарбекова, Б.Б. Кенджаева С.С. Измухамбетова және т.б.) құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелерін; болашақ педагогты оқушылардың жеке білім траекторияларын жобалауға даярлау (К. А. Улановская, Р. И. Кузьминов және т.б.), электрондық білім беру ресурсын жобалау (Ж. Ж. Карбозова), интернет-жобалау, телекоммуникациялық жобалар (В. А. Обыденкова), интегративтік-жобалау (Е. Г. Нелюбина, Н. А. Кочетурова және т. б.) әдістерін зерттеуге арналған.

Зерттеудің *бесінші тобына* болашақ мұғалімдердің ақпараттық технологияларды қолдану мен іске асыруға (А.М. Жұмабаев, Г.Е. Санай, С.Т. Нышанова, Ж.Ж. Айтбаева, С.Т. Сиргебаева, А.Л. Ташимов, Р.А. Асанова, Ш.У. Оңғарбаева, А.О. Мұхаметжанова, Г.И. Бейсенова, Б.Т. Абенов, Д.Н. Исабаева, Ж. К. Аганина, А.М. Жубандыкова және т.б.) дайындығын қарастыратын зерттеу жұмыстарын жатқызамыз.

Жоғарыда аталған жұмыстар жоғары мектептегі жобалар әдісін қолдану негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде арнайы құзыреттерді қалыптастыру мәселелерін жүйелі түрде зерттеу қажеттілігін өзекті етеді, себебі олардың күш салуының арқасында кәсіби білім беруді модернизациялау процесі мүмкін болады.

Сонымен қатар аталған мәселені шешудің көкейкестілігі мына себептермен анықталады.

Әлеуметтік-педагогикалық деңгейде: қоғамның, экономикалық саланың, өндіріс пен жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің нақты жағдайларда білім беру инновацияларын пайдалануға дайын және қабілетті, бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында жобалар әдісін пайдаланудың ғылыми-әдістемелік ерекшелігін түсінетін мұғалімге қажеттілігімен шартталған.

Ғылыми-теориялық деңгейде: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесін құру үшін жобалар әдісін пайдаланумен теориялық негіздерді анықтау қажеттілігінен берілген; «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» ұғымын нақтылау, оның құрылымдық-мазмұндық сипаттамаларын анықтау, оны жүзеге асырудың ғылыми-әдіснамалық тәсілдерін іздестіру.

Ғылыми-әдістемелік деңгейде: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыруға ықпал ететін құрылымдық-мазмұндық модельді әзірлеу мен педагогикалық шарттар кешенін анықтау, жобалар әдісі негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде арнайы құзыреттердің қалыптасқандығын диагностикалау әдістемесін таңдау қажеттілігімен айқындалады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін

жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың көкейкестілігінің арта түсуіне карамастан, мақсаттар мен нақты нәтижелер арасында:

- жобалар әдісі негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен қазіргі қолданыста жобалар әдісін бұл мәселені шешудегі мүмкіндіктерінің жеткілікті деңгейде толық болмауы;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың оқу-әдістемелік жағынан жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеуі арасында *қарама-қайшылықтар* байқалады.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен қайшылықтарды жою қажеттілігі, тұжырымдалған мәселенің теориялық тұрғыдан жеткіліксіз әзірленуі және оны шешудің практикалық маңыздылығы диссертациялық зерттеудің тақырыбын анықтады: **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру».**

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау процесі.

Зерттеу пәні: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру.

Зерттеу жұмысының мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименталдық тұрғыдан сынақтан өткізу.

Зерттеудің болжамы: егер жоғары оқу орнының білім беру процесіне болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі мен анықталған педагогикалық шарттары енгізілсе, *онда* жалпы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау сапасы артады, *өйткені* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік, әдістемелік, жобалық компоненттердің жиынтығымен сипатталатын арнайы құзыреттілігі қалыптасады.

Зерттеудің қойылған мақсаты мен болжамына сәйкес **зерттеудің міндеттері** анықталды:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігі қалыптасуының мәндік сипаттамасын талдау; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің мазмұнын ашу.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктерін анықтау.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін теориялық негіздеу және өңдемелеу.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарын

анықтау.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі мен анықталған педагогикалық шарттарының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: пәндік, әдістемелік, жобалық компоненттердің жиынтығымен сипатталатын арнайы құзыреттілігін қалыптастыру жалпы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың сапасын арттырады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері:

- *философиялық деңгейде:* тұтас педагогикалық үдерісті дамыту тұжырымдамасы ретіндегі білім берудегі диалектикалық-материалистік тәсілдеме (В.И. Загвязинский, В.С. Ильин, В.В. Краевский, А.М. Новиков және т. б.); тұлғаның іс-әрекеттегі тұтас даму процесінің тұжырымдамасы (Б.Г. Ананьев, Ю.К. Бабанский, П.Я. Гальперин, А.Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн, Н. Ф. Талызина, Э. Г. Юдин және т. б.); адам тұлғасын жоғары құндылық ретінде анықтайтын және адамның әлеуметтік даму процесін өзіндік мақсат ретінде қарайтын аксиологиялық тұғыр (М. С. Каган, Д. С. Лихачев, В. А. Сластенин, Е. Н. Шиянов және т. б.);

- *жалпы ғылыми деңгейде:* білім беру процесі мен әрекет құбылыстары арасындағы өзара байланысты зерттеудегі жүйелі-құрылымдық тұғыр (С.И. Архангельский, В.П. Беспалько, Н.М. Борытко, М.С. Каган, В.В. Краевский, Н.В. Кузьмина, Н.К. Сергеев және т. б.); білім беру процесінде тұлғаның дамуына іс-әрекеттік тұғыр (В.П. Беспалько, А.А. Вербицкий, Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, В. В. Загвязинский, И. П. Иванов, А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн және т. б.);

- *нақты-ғылыми деңгейде:* тұлғалық-бағдарланған білім беру парадигмасымен шартталатын ізгілендіру және білім беруді ізгілендіру идеялары (И.В. Бестужев-Лада, А.А. Бодалев, Е.В. Бондаревская, Б.С. Гершунский, Б.М. Неменский, В.В. Сериков, В.А. Сластенин және т. б.); оқу іс-әрекеті теориясы (П. Я. Гальперин, В.В. Давыдов, М.В. Кларин, А.Н. Леонтьев, И.Я. Лернер және т. б.); білім берудегі құзыреттілік тұғыр идеялары (В.И. Байденко, Т.Ю. Базаров, А.Г. Бермус, В. Гутмахер, Г.Е. Исаева, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя және т. б.).

- *технологиялық деңгейде:* жобалық оқыту саласындағы теориялық идеялар (П.П. Блонский, П.Ф. Вахтерова, П.Ф. Каптерева, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий және т. б.), жоғары мектептегі студенттердің жобалық іс-әрекеті бойынша құзыреттілік тұғырлар (В.И. Загвязинский, В.П. Ларина, В. А. Пупков, И. Э. Смирнованың және т. б.) құрайды.

Қойылған міндеттерді орындау үшін **зерттеу әдістері** қолданылды: *теориялық:* зерттелетін мәселенің әзірленуінің жай-күйін және дәрежесін анықтау үшін зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік авторлардың философиялық, психологиялық-педагогикалық, дереккөздерін талдау және жалпылау, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, жобалар әдісін пайдалану бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің құжаттарын

оқып үйрену; *эмпирикалық*: студенттермен, педагог-практиктермен, жоғары оқу орны оқытушыларымен сауалнама жүргізу, бақылау, әңгімелесу; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша құрылымдық-мазмұндық модель мен педагогикалық шарттардың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру; мәліметтерді математикалық тұрғыдан өңдеу және т.б.

Зерттеу көздері: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы қаулылары, білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық бағдарламалары мен білім беру тұжырымдамалары, Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты, жобалар, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми, оқу және әдістемелік еңбектері, халықаралық және республикалық конференциялар мен мерзімдік басылымдар материалдары, сондай-ақ автордың педагогикалық, зерттеу тәжірибесі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезең (2017-2018 жж.) – Бұл кезең зерттеу мәселесін қою және пайымдаумен, жалпы және арнайы ғылыми әдебиеттерді, оның әдіснамасын анықтау мақсатында зерттеу мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық және ведомстволық актілер базасын кешенді зерттеу және талдаумен, жобалар әдісін қолдану негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың қолданыстағы практикасын зерттеумен, жобалар әдісін қолдану негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыруды педагогикалық және нормативтік қамсыздандыруды анықтаумен байланысты. Бұл зерттеудің теориялық негіздерін анықтауға және диссертацияның ғылыми аппаратын жасауға мүмкіндік берді.

Екінші кезең (2018-2019 жж.) зерттеудің эмпирикалық негіздерін зерттеуге, жобалар әдісі негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуге және педагогикалық шарттарын анықтауға, студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізуге, алынған мәліметтерді өңдеу және талдауға арналған.

Үшінші кезең (2019-2020 жж.) жобалар әдісі негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарын апробациялауға және олардың тиімділігін эксперименттік тексеруге бағытталған. Бұл кезеңде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындылары жасалды, алынған нәтижелер талданып, зерттеу болжамы мен міндеттерімен сәйкестігі салыстырылды. Бұл кезең сонымен қатар зерттеу нәтижелерін жалпылаумен және диссертациялық жұмысты рәсімдеумен байланысты.

Зерттеу базасы: Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Павлодар педагогикалық университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың мәндік сипаттамасы талданды; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің мазмұны, сондай-ақ «арнайы құзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» ұғымдары нақтыланды.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалар әдісінің мүмкіндіктері анықталды.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыруды әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында оқу процесіне мыналар енгізілді:

- 5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқу жоспарына сәйкес пәндер бағдарламаларына (базалық пәндер (БП) циклындағы «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі»; кәсіптендеру циклындағы (КП) («Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектепте дүниетануды оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектепте жаратылыстануды оқыту әдістемесі») (ТК) қосымшалар;

- оқу құралы:

Бастауыш мектепте жобалар әдісін пайдалану.

- электрондық оқу құралы:

Білім беруде жобалар әдісін қолдану.

-әдістемелік ұсынымдар:

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Оқу пәндері мазмұнын жобалау» атты әдістемелік ұсыным.

- *элективті курс:*

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру.

- *семинарлар және дөңгелек үстелдер:*

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру»

атты элективтік курстың оқу-әдістемелік кешені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесінде қолданыс таба алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Тұлғалық, ерекшелік және жалпы философиялық категориялардың ұқсастық теориясын (жеке, ерекше және жалпы) ерекшелеуге сәйкес «құзыреттілік» ұғымы - кәсіби міндеттердің орындалуын, мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін әрекетті сапалы жүзеге асыру қабілеттерінің жиынтығы (*жалпы*): «кәсіби құзыреттілік» – қоғамда қабылданған нормаларға, стандарттар мен талаптарға сәйкес кәсіби функцияларды орындау қабілеті мен дайындығын анықтайтын тұтас кәсіби және тұлғалық сипаттама (*ерекше*); «арнайы құзыреттілік» - кәсіби қызметтің нақты пәндік немесе пәннен тыс саласының ерекшелігін көрсететін өз жұмысының нәтижелерін дербес іске асыру, басқару, сыни бағалай алуының көрініс табуы (*жеке*).

2. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» ұғымын *пәндік, әдістемелік, жобалау* компоненттерінің жиынтығымен сипатталатын кәсіби іс-әрекеттер саласындағы нақты пәндік немесе пәннен тыс саласының ерекшелігін көрсететін оқу пәні мен кәсіби іс-әрекетті өз бетінше жүзеге асыруға, басқаруға, өз еңбегінің нәтижелерін сын тұрғысынан бағалауға даярлығы ретінде қарастырамыз.

3. Арнайы құзыреттілігін қалыптастыруда жобалар әдісін қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде оқытудың прогрессивті әдістемесін одан әрі дамыту негізінде шығармашылық іс-әрекетінің алгоритмін құруға да ықпал етеді, кәсіби біліктілігінің көрсеткіші ретінде де көрініс береді.

4. Өзара байланысты компоненттердің жиынтығы болып табылатын жобалар әдісі негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивті компоненттерінің, сонымен қатар ұйымдасқан, мақсатты бағытталған, педагогикалық ықпал ету үшін қажетті тұғырлардың, функциялардың, принциптердің, шарттардың жиынтығымен сипатталатын арнайы құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз ететін олардың арнайы құзыреттілікке ие болу алғышарттары және педагогикалық процестің сыртқы жағдайларының жиынтығы ретіндегі педагогикалық шарттар:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің жобалар әдісі негізінде арнайы құзыреттілігін қалыптастыруға деген ішкі мотивациясын дамыту;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша жұмыстың (оқу және оқудан тыс) әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдану;

- бастауыш сынып мұғалімдерін арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша практикалық дағдыларды игеруді қамтамасыз ететін бірлескен жобалық іс-әрекетке жұмылдыру;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыруда профессор-оқытушылар құрамының, біліктілікті арттыру институттарының, қоғамдық ұйымдардың әрекетін үйлестіру және желілік өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету.

6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендірілуі:

Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияларға қатысу: Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында білім беру мазмұнын жаңарту: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Қарағанды 2018ж); «XIX Сәтбаев оқулары». Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары (Павлодар, 2019); «Ғылым және білім – қазіргі жағдайдағы қоғам дамуының маңызды факторы»: VI халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Қарағанды, 2019);

Алыс шетелдердің ғылыми журналдарында мақаланы жариялау: Ad Alta: journal of interdisciplinary research (Чехия, 2019); Science for Education Today (Россия, 2020), Modalități conceptuale de dezvoltare a științei moderne (România 2020), Педагогическо списание на Великотърновския университет. «Св. Кирил и Методий» (Болгария, 2021), Халықаралық ғылыми журнал инновациялық ғылым (Башкирия, 2019 ж), Ғылым хабаршысы (Тольятти, 2020);

ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда мақаланы жариялау:

ЕГИ хабаршысы (Нұрсұлтан 2018 ж), Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. (Алматы, 2018), ПМУ Хабаршысы (Павлодар, 2018), ПМУ Хабаршысы (Павлодар 2019), Торайғыров университеті хабаршысы (Павлодар 2020);

Scopus базасында индекстелетін журналдарда мақала жариялау: Journal of Siberian Federal University - Humanities and Social Sciences (2021, 14 (9));

1 оқу құралы, 1 электрондық оқулық, 1 әдістемелік ұсыным жарық көрді.

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылардың дәлелділігі мен негізділігі зерттеушінің бастапқы теориялық ұстанымдарымен, жұмыстың жеткілікті ұзақтығымен және жоспарлылығымен, зерттеудің ғылыми аппаратының қисындылығымен, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің кешенін іске асырумен, эксперименттік деректердің сапалық және сандық талдауымен, экспериментке қатысқан студенттер арасында арнайы құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлеріндегі оң өзгерістермен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігімен қамтамасыз етіледі.

Диссертацияның құрылымы: диссертация кіріспеден, екі тараудан,

қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 140 бет.

Kipicnede зерттеудің тақырыбын таңдау, оның көкейкестілігі негізделеді, зерттеу объектісі мен пәні анықталады. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, болжамы, жетекші идеясы тұжырымдалады. Ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы анықталады, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер ұсынылады, жүргізілетін жұмыстардың кезеңдері, зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу туралы мәліметтер беріледі.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда «құзыр», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «арнайы құзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» ұғымдарының мағыналық сипаттамасы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттіліктерін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар негізделді.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері» атты екінші тарауында зерттеуді ұйымдастыру және оның әдістері; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен педагогикалық шарттарының тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік -эксперименттік жұмыстың мазмұны ұсынылған.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижесіне негізделген тұжырым мен ұсыныстар берілген, мәселелерінің даму болашағы көрсетілген.

Қосымшаларда диссертацияның негізгі мәтінін толықтыратын материалдар ұсынылды.